

"Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1498 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 850 қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1498 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 10-11, 137-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында: «Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде: «Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 1-кіші бөлімде: «Ұсынылатын ақпараттың сапасын арттыру» деген 1-стратегиялық бағытта: «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу арқылы деректердің өңдеу жүйесін дамыту» деген 1.2-мақсатта: «Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және дамыту» деген 1.2.1-міндетте: тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда: «Мыналарды жасау және енгізу:» деген реттік нөмірі 3-жолда: мына:

«

Сыртқы және ішкі интернет-порталын	X	X	X		
------------------------------------	---	---	---	--	--

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

сыртқы Интернет-порталын және ішкі Интранет-порталын	X	X	X		
--	---	---	---	--	--

»;

«Функционалдық міндеттерді дамыту» деген 4-бөлімде: «Стратегиялық бағытты іске асыру жөніндегі іс-шаралар және мемлекеттік органның мақсаты» деген бағанда: «Қызметкерлердің біліктілігін арттыру (30 адамнан кем емес)» деген 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау (30 адамнан к е м е м е с) » ;

13) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жергілікті қамтуды қамтамасыз ету:»;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 1-кіші бөлімде:

001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер» деген бюджеттік бағдарламада:

« 2 0 1 3 » деген бағанда :

«Тиімділік көрсеткіштері. Штат санының бір бірлігін ұстауға орташа шығындар» деген жолдағы «1 881» деген сандар «2 050» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «5 964 028» деген сандар «5 927 692» деген сандармен ауыстырылсын;

002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер» деген бюджеттік бағдарламада :

« 2 0 1 3 » деген бағанда :

«Тиімділік көрсеткіштері. Бір байқауды жүргізудің орташа құны» деген жолдағы «7 038» деген сандар «7 115» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «1 365 360» деген сандар «1 380 241» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстардың жиыны» деген 2-кіші бөлімде:

« 2 0 1 3 » деген бағанда :

«Бюджеттік шығыстардың БАРЛЫҒЫ» деген жолдағы «9 361 983» деген сандар «9 340 528» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «8 802 848» деген сандар «8 781 393» деген сандармен ауыстырылсын;

001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер» деген жолдағы «5 964 028» деген сандар «5 927 692» деген сандармен ауыстырылсын;

002 «Статистикалық, деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер» деген жолдағы «1 365 360» деген сандар «1 380 241» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С.Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК